

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы: «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» блогы бойынша педагог қызметкерлерге арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш блоктан тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 50 тапсырма.

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 10 тапсырма.

Б3 бөлігі - екі мәнмәтінге бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 18 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 42 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) – 10 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Күрделілік деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырма саны
1	Лексика.	1	Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Мақал-мәтелдер. Синоним. Антоним. Омоним. Фразеологизмдер. Неологизмдер. Архаизмдер. Кірме. Диалект. Термин сөздер.	В	1/5	3
2	Фонетика. Дауысты және дауыссыз дыбыстар.	1	Дыбыс, әріп, алфавит. Жуан және жіңішке дауыстылар. Қатаң дауыссыз дыбыстар. Ұяң дауыссыз дыбыстар. Үнді дауыссыз дыбыстар. Ілгерінді ықпал. Кейінді ықпал. Орфография. Орфоэпия.	В	1/5	3
3	Буын, тасымал. Үндестік заңы.	1	Ашық, бітеу, тұйық буын. Буын үндестігі. (Жалпы түсінік).	В	1/5	3
4	Сөзжасам.	1	Түбір сөз. Жұрнақ. Туынды түбір мен түбірлес сөздер.	В	1/5	3
5	Морфология. Зат есім.	1	Жалпы, жалқы зат есім. Негізгі, туынды зат есім. Зат есімнің жалғаулары.	С	1/5	2
6	Сын есім.	1	Сын есімнің түрлері. Сын есім шырайлары.	А	1/5	3
7	Сан есім.	1	Сан есімнің түрлері. Есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік сан есімдер, болжалдық, топтау.	С	1/5	1

8	Есімдік.	1	Жіктеу, сілтеу, жалпылау есімдіктері. Сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық есімдіктері.	В	1/5	3
9	Етістік.	1	Етіс категориясы. Есімше, көсемше. Тұйық етістік. Етістіктің. шақтары. Етістіктің райлары.	В	б/б	1
10	Үстеу.	1	Мезгіл, мекен үстеулері Қимыл-сын үстеулері, Мөлшер, Күшейткіш, Мақсат, Себеп-салдар үстеулер.	А	1/5	3
11	Шылау. Одағай.	1	Септеулік шылаулар. Жалғаулықтар. Демеуліктер. Шақыру, жекіру, көңіл-күй одағайлары.	В	б/б	1
12	Синтаксис. Сөйлем. Сөйлем мүшелері.	1	Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері. Сөйлем мүшелері.	В	б/б	1
13	Жай сөйлем.	1	Жай сөйлемнің түрлері.	А	б/б	1
14	Құрмалас сөйлем.	1	Салалас құрмалас сөйлем. Сабақтас құрмалас сөйлем	С	1/5	1
15	Оқшау сөздер. Төл сөз.	1	Қаратпа сөз және оның тыныс белгісі. Қыстырма сөз және оның тыныс белгісі. Төл сөз. Автор сөзі, тыныс белгілері.	В	б/б	1
16	Ежелгі дәуір әдебиеті	1	Ежелгі дәуір әдебиеті. Күлтегін. Қорқыт, Әл-Фараби.	В	б/б	1
17	Ауыз әдебиеті	1	Тұрмыс-салт жырлары. Ертегілер, аңыздар, мысалдар, шешендік сөздер.Мақал-мәтел, жұмбақтар, айтыс.	А	б/б	1
18	Жырлар	1	Батырлар жыры. «Қобыланды батыр». Лира-эпостық жырлар. «Қыз Жібек».	А	1/5	3
19	Жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғ.әдебиеті)	1	Асан қайғы, Бұхар жырау, Нысанбай Жаманқұлұлы, Сүйінбай Аронұлы.	В	б/б	1
20	XIX ғ. I жартысындағы әдебиет.	1	Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Майлықожа ақын, Шортанбай Қанайұлы.	В	б/б	1
21	XIX ғ. II жартысындағы әдебиет	1	Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығы. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы.	В	1/5	3

		2	Әнші-сазгерлер: Біржан сал, Жаяу Мұса, Ақан сері, Балуан Шолақ, Ә.Найманбаев.	А	1/5	3
22	Абай Құнанбайұлы	1	Абайдың өмірі мен шығармашылығы. Поэмалары, қара сөздері. Аудармалары.	С	6/6	1
23	XX ғ. басындағы әдебиет	1	Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығы. А.Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығы Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы. М.Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы. М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы.	В	1/5	3
		2	С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы. С.Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы І.Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы. Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығы.	В	1/5	3
24	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет	1	Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы. Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы.	С	1/5	2
		2	Ғабит Мүсіреповтың өмірі мен шығармашылығы. Ғабиден Мұстафиннің өмірі мен шығармашылығы.	С	1/5	1
25	XX ғ. ортасы және аяғындағы әдебиет	1	XX ғ. ортасы және аяғындағы әдебиет. (М.Мақатаев, Т.Айбергенов, Қ.Аманжолов, Ә.Тәжібаев, Б.Соқпақпаев).	В	1/5	3
		2	О.Сүлейменов, Ж.Молдағалиев, Қ.Мырза Әли, М.Шаханов	В	1/5	2
		3	Ә.Нұрпейісов, Ш.Мұртаза, З.Шашкин, Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, Қ. Жұмаділов, О. Бөкей т.б.	В	1/5	2
26	Мәнмәтіндік тапсырмалар		Қазақ тілі (1 мәтінге 5 тапсырма)	А,А,В,В, С	1/5	5

	(мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).	Қазақ әдебиеті (1 мәтінге 5 тапсырма)	А,А,В,В, С	1/5	5
Тестінің бір нұсқасында тапсырмалар саны					70

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы.

Халық ауыз әдебиеті: түрлері, ерекшеліктері.

Ежелгі дәуір әдебиеті: жазба ескерткіштерінің тарихы, түрлері.

XI-XVIII ғ. әдебиет: жыраулар поэзиясының даму кезеңдері, өкілдері.

XIX ғ. I жартысындағы әдебиет: әдеби ағымдар.

XIX ғ. II жартысындағы әдебиет: жаңа әдеби ағымдар мен бағыттардың, реализмнің тууы.

XX ғ. басындағы әдебиет: 20-30 жылдардағы әдебиет; әдеби жанрдың дамуы және көрнекті өкілдері.

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет: Ұлы Отан соғысы кезіндегі және одан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде соғыс, отаншылдық тақырыптың қалыптасуы; жанрлардың дамуы және көрнекті өкілдері.

Туысқан халықтар әдебиеті: туысқан халықтар әдебиеті туралы түсінігі.

Әдебиет теориясы: әдеби-теориялық ұғымдар түсінігі.

Қазіргі әдебиет: қазіргі заман әдебиеті, жанрлық ерекшелігі.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт - 2 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 140 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны.

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда күрделілік деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.

Бір тестіде - 70 тапсырма.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2

балл, - жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.К.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Қ.С.Жайлаубаева.- Алматы:Көкжиек-Горизонт, 2019. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс сыныптарында, 9-10 сынып.

3. Ф.Ш.Оразбаева, Ж.К.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Қ.С.Жайлаубаева.- Алматы:Көкжиек-Горизонт, 2018. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс сыныптарында, 7-8 сынып.

4. К.Ісләмжанұлы, Б.Әрінова, Р.Баттал, Е.Арын. «Әдебиет» Атамұра, 2015.

5. Қосымова Г., Рахметова Р. -Алматы:Атамұра, 2017.Қазақ тілі оқулығы, 7 сынып.

6. С.Аманжолов, А.Аманжолов,Г.Қосымова «Қазақ тілі» Мектеп, 2016

7. Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым, Алматы:Мектеп, 2015. Қазақ әдебиеті оқулығы, 5 сынып.

8. Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә., «Қазақ әдебиеті»,Алматы:Мектеп, 2017

9. Керімбекова Б., Мұқанова Ж., «Қазақ әдебиеті»,Алматы:Мектеп, 2018

10. Б.Қапалбек, С.Жантасова, Т.Мадиева. - Алматы:Мектеп, 2017. Қазақ тілі оқулығы, 7 сынып.

11. М.Жолашева, Ғ.Отарбаева, Г.Нұрманова. - Алматы:Мектеп, 2018. Қазақ тілі оқулығы, 6 сынып.
12. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жүмекенова. . -Алматы:Атамұра, 2018. Қазақ әдебиеті оқулығы, 8 сынып.
13. Б.Әрінова , Қ.Молдасан, А.Байшағырова. -Алматы:Атамұра, 2018. Қазақ тілі оқулығы, 8 сынып.
14. А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жүмекенова. . -Алматы:Атамұра, 2018. Қазақ әдебиеті оқулығы, 7 сынып.